

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
11.03.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 11.03.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Мұсырман Кәрібай Иманжанұлына беріледі.

МҰСЫРМАН К.И. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасының бірінші оқылымы 2019 жылдың 11 желтоқсанында болды. Талқылау барысында депутаттар тарапынан айтылған пікірлер ескеріле отырып, заң жобасы одан әрі жетілдірілді.

Заң жобасымен 9 кодекске және 21 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделіп отыр.

Көші-қон саласында алдағы уақытта мынадай маңызды өзгерістер енгізілмекші:

«Nur Otan» партиясы фракциясының депутаттары ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасындағы «оралмандар» деп аталып жүрген тұрғындарымызбен жұмыс істейміз, оларды біздің қоғамымызға бейімделіп, жақын тарту үшін «қандастар» деп атауды ұсынамын деген ұсынысын қолдай отырып, заң жобасына тиісті түзету енгізді. Сөйтіп бір кезде ойдан шығарылып, жағымсыздау атауға айналған «оралман» сөзі алдағы уақытта «қандас» атауы қолданылатын болады.

Қандастарымызға елімізде тұрақты тұруға рұқсат алу және Қазақстан азаматтығын алу үшін құжаттарды бір мезгілде тапсыру мүмкіндігін беру қарастырылып отыр. Бұған дейін олар екі рет құжат жинап тапсыруға мәжбүр еді.

Сондай-ақ елімізде 183 күннен кем тұру және әкімшілік құқық бұзушылықтардың болуы бойынша заңнамалық нормалар қолданылмайтын адамдар санатына этникалық қазақтарды қосу көзделіп отыр. Бұл түзету де қандастарымыздың Қазақстан азаматтығын алуын жеделдетуге септігін тигізеді.

Өңірлердің және инвестор компаниялардың сұраныстарына жедел ден қою үшін Үкіметтің қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасын және шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу жөніндегі функциялары Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне беріледі.

Еңбекші иммигранттарды маусымдық жұмысшыларға теңестіру арқылы оларды шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жұмысқа тартуына рұқсат етіледі. Бұл да қоғамда көптен бері көтеріліп жүрген өзекті мәселе.

Депутаттар ешқандай құжаты жоқ шетелдік азаматтарды елден шығаруға мүмкіндік беретін жол жүру құжатын енгізуді ұсынды. Себебі соттардың шешімімен елден шығарылуға тиісті жүздеген шетелдіктер ешқандай жарамды құжатының болмауына байланысты Қазақстан аумағынан шығарылмай, полицияның қабылдау-бөлу орындарында мемлекеттік бюджет есебінен тегін тұрып жатыр.

Заң жобасын талқылау барысында 100-ден астам түзету енгізілді. Салыстырма кесте қабылданған 120 позициядан тұрады. Қабылданбаған позиция жоқ. Депутаттар енгізген бірқатар түзету Үкіметтің қарауына жіберіліп, тиісті қорытындылар алынды.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеті заң жобасы бойынша оң қорытынды берді. Заң жобасын талқылау бойынша жұмыс тобының жиырма үш отырысы және Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің екі кеңейтілген отырысы өткізілді.

Заң жобасын талқылауға белсене атсалысқан депутаттарға, жұмыс тобының мүшелеріне, мемлекеттік органдардың, Кәсіподақтар федерациясының, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдеріне алғыс айтамын.

Құрметті әріптестер, сіздерден заң жобасына қолдау білдіріп, оны Сенаттың қарауына жіберуге келісім берулеріңізді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Кәрібай Иманжанұлы.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасы бойынша бір ғана ұсыныс түсті. Оны жаңа ғана Кәрібай Иманжанұлы бізге жеткізді. Ол ұсыныс – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ қой?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Егер жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы бар сіздерде, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 105, «жақтағандар» – 105.



*Дұрыс! Құжаттамашымен қамтамасыз ету
бөлімінің саяси меңгерушісі
Майя Н. Шағымбаев.*